

**«Бұқарекен жырлайды»
атты дәстүрлі облыстық ақын-жыршылар сайысының
ЕРЕЖЕСІ**

Мақсаты мен міндеттері

Тарихи құндылықтарымызды насихаттау және жыраушы дәстүрді жаңғыртып, ұрпақты ұлттық ата-дәстүр рухына тәрбиелеу. Бабамыздың мәдени мұраларын келешек ұрпаққа жеткізу және оны елдің санасына сіңіру.

Сайысты өткізу тәртібі

Сайыс **2025 жылдың 7 қараша күні** Қарағанды қаласының Достық үйінде өтеді.

Сайыс төрт кезең бойынша өтеді:

1. **Бұқар жырауша.** Мұшайра бойынша өтетін бұл сайысқа түсетін ақын өз туындысын жыраулар поэзиясы үлгісінде жаза отырып, қоғамның күрделі мәселелерін өз толғауында ашуы керек.
2. **Бұқар жырау оқулары.** Бұл сайысқа қатысушылар Бұқар жыраудың шығармашылығын, яғни жыр-толғауларын жатқа, мәнерлеп оқуы керек.
3. **Жыршы-жыраулар сайысы.** Бұл сайыста әнші-жыршылар Бұқар жырау Қалқаманұлының жыр-толғауларын белгілі бір аспапта (қобыз, домбыра, сырнай және т.б.) мақамға салып орындауы шарт.
4. **«Әлемді түгел білсе де»** - Өзге ұлт өкілдері арасында Бұқар жыраудың жыр-толғауларын қазақша, орысша және өз тілінде жатқа, мәнерлеп оқу.

Сайыс бір кезеңнен тұрады. Әр кезең бойынша қазылар жүлдегерлерді жеке-жеке анықтайды.

Сайысты өткізу шарттары

1. Сайысқа Қарағанды облысынан барлық үміткерлер қатыса алады. Қатысушылардың жас мөлшері шектелмейді.
2. Сайысқа қатысушыларға демеуші болам деушілерге шек қойылмайды. Кез-келген ұжым ұйымдастыру комитетінің келісімімен арнайы сыйлық тағайындауға құқылы.
3. Қазылар алқасы ұйымдастыру комитетінің ұсынуымен тағайындалады. Олардың шешімі түпкілікті және ол талқанбайды.

Сайыскерлерге қойылатын талаптар

1. Бірінші кезең бойынша қатысушы ақын өз шығармасын **қазан айының 20 жұлдызына** дейін жіберуі тиіс.
2. Екінші кезең бойынша сайысқа қатысушылар Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармашылығын толық білуі керек (кемі 15-20 толғау) және өз ауданынан, қала немесе оқу орындарынан іріктеуден өтіп, орын алған азаматтар жолдамамен келуі шарт;
3. Үшінші кезең бойынша қатысушылар өз ауданынан, қала немесе оқу орындарынан іріктеуден өтіп, орын алған азаматтар жолдама алу арқылы Бұқар жыраудың жыр-толғауынан бір және қосымша бір жыр-терме орындауы міндетті.
4. Бұл номинацияда Өзге ұлт өкілдерінің қатысушылары Бұқар жыраудың жыр-толғауларын кемінде (5 толғау) қазақша, орысша және өз тілінде жатқа, мәнерлеп оқуы керек.

Ынталандыру

Әрбір номинациялар бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Қосымша ақпараттар

Іс-сапар шығынын жіберуші жақ есебінен қарастырылады. Өтініштер **2025 жылдың 20 қазанға дейін** төменде көрсетілген мекен-жайға жіберулеріңізді сұраймыз.

Қарағанды қаласы, Бұқар жырау даңғылы, 32.

Байланыс телефоны: факс: 8 (7212) 42-50-33, 42-50-95.

E-mail: karonmc@mail.ru